

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 548 Жарлығы

*Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс*

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетін Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісім мен 1995 жылғы 10 ақпандағы Босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек туралы келісімге хаттамаға қатысушы болмау ниеті туралы хабардар етсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*